

Хаттама № 3

Өткізілген күні: 23.02.2024 жыл

Катысқандар: 22

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сұрақтарды қарау».

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жағдайларын қарастыру»
(баяндама) Нурмуханова А.Р.
- 2 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама жүргізу»
Бейсенбаева С.К.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Бөбекжай спорт нұсқаушы Нурмуханова А.Р. сөз алды. Еліміздің заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу және сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп, лауазымды қолданып алу немесе ысырап ету жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Олардың «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөздері бекер айтылмаған.

«Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде» – деп атап көрсеткен Президент Қ.К. Тоқаев. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік - экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

2-мәселе бойынша: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама» парақшасы толтырылып жауаптар алынды.

Қорытынды: Барлық айтылған мәселелердің өзектілігі мен ауқымы өте жоғарғы деңгейде өтті.

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға, балабақша ұжымымен, ата-аналар арасында жол берілуіне қатаң тыйым салынады.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

Сарсекева 

директор м.а. А.С.Сагындыкова
Сарсекева Г.М.